

Утверждаю  
Ясли-детский сад «Дарын»  
Заведующая                   Исбаева Н.М.  
«   » «   » 2021г

**Қазақ тілі**  
**2021-2022 оқу жылына арналған**  
**Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы балабақша: «Дарын»

Топ: ересек «Құлыншаш»

Балалардың жасы: 4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы, 2021-2022 оқу жылы.

| <b>Айы</b> | <b>Ұйымдастырылған оқу қызметі</b> | <b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері</b>  |
|------------|------------------------------------|---|
| Қыркүйек   | Қазақ тілі                         | <ul style="list-style-type: none"><li>- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;</li><li>- Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы түрлі балалар әрекетінде балалардың ауызша сөйлеуін дамыту;</li><li>- баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау;</li><li>- балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамыту.</li></ul> <p><b>Тілдік дамытушы орта.</b><br/>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> |

**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**

Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.

**Сөздік қор.**

Коршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табигат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.

**Тілдің грамматикалық құрылымы.**

Сөздерді жіктең, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету. Етістіктің болымсыз түрін немесе есім сөздермен қолданылатын «емес» шылауын қолдана білуге үйрету, ұлғі бойынша жай, жайылма сөйлемдер күра білуге үйрету. Өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.